	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Стратегиялық және корпоративтік даму жөніндегі проректоры	ШҚІР

6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша (PhD) философия дәрежесін алуға докторант PhD Айдар Каипович Беркенов «Модифицирленген экидстероидтар негізінде жаңа субстанцияны химиялық жасау» тақырыбы туралы ғылыми кеңесші, фарм.ғ.д., профессор
Убайдилла Махамбетұлы Датхаевтың


ШҚІРІ

Қазақстан Республикасының фармацевтика саласын дамыту мақсатында сапасы жоғары, эффективті, қауіпсіз, бәсекелестікке қабілетті дәрілік қалыптарды шығару және халықты отандық өніммен қамтамасыз ету басты міндеттердің бірі болып табылады. Соның ішінде дәрілік өсімдік шикізатын қолдана отырып фитопрепараттар жасау фармацевтика өндірісінің дамуына ықпал жасайды. Осы мақсатта Қазақстан Республикамызда көптеген бағдарламалар жүзеге асырылуда. Атап айта келсек сол бағдарламаның негізі болып саналатын ұзақ мерзімді «Қазақстан-2050» Стратегиясын, ҚР-ның 2025 жылға дейінгі «Экономиканы әртараптандыруды жеделдету» Стратегиялық даму жоспарын, Қазақстанның дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру Концепциясын, ҚР Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауын жүзеге асыруға және ел экономикасын нығайтуға бағытталған фармацевтика саласының ҚР экономикасындағы алатын орнына ескере отырып, отандық дәрілік өсімдік шикізатынан жасалған дәрілік препараттардың түрлерін көбейтіп, отандық фармацевтика өндірісін дамыту, жаңа өндіріс орындарын салу және бар өндіріс орындарын қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің дәрілік препаратқа сұранысын қанағаттандырудың үлесін арттыру маңызды мәселеге айналып отыр. Жоғарыда айтылған мәселелерді шешу мақсатында осы диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттерін белгілеуге себепші болды.

Жоғарыда айтылған мәселелерді шешу мақсатында және бәсекелестікке қабілетті айқын адаптогендік, актопротекторлық қасиетке ие дәрілік қалыптың құрамын жасап шығару докторлық диссертацияның негізгі міндетінің бірі болып табылады.

Алайда, жаңа фармацевтикалық өнім үлесін арттыру мақсатында, табиғи белсенді заттарды өсімдік көзердерінен көптеп алып, оларды химиялық жолмен молекулаларын трансформацияға ұшырату арқылы, биологиялық белсенділігі күшейтілген белсенді заттарды алудың жолдарының терең зерттеуді және оларды өндіріске енгізуді талап етеді. Бұл диссертациялық жұмыстың тақырыбы мен мақсатың алдын ала айқындайды.

Диссертациялық жұмыстың барысында фитоэкидстероидтардың келешегі зор жаңа қосылыстары модифицирленіп, олардың арасынан жетекші қосылыс

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Стратегиялық және корпоративтік даму жөніндегі проректоры	ПКІР

стандартталып, қажетті параметрлары анықталып, оны өндірудің технологиясы зерттелді.

Беркенов А.К. диссертациялық зерттеуінің эксперименталды бөлімі БР ҰҒА Минск қаласындағы Биоорганикалық химия институтының Стероидтар химиясы зертханасында және «Химфармсинтез» ҒӨО өндірістік алаңында жасалды.

Зерттеу нәтижелері бойынша Халықаралық ғылыми - практикалық конференцияларда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми баспаларда мақалалар мен тезистер жарияланған. Сонымен қатар мақала импакт-фактормен Scopus база басылымында 1 мақала жарық көрді. Зерттеу нәтижелері бойынша ҚР Әділет министрлінің №99578, 11.10.2016 ж., атауы «Қаратау аюдәрі өсімдігінен Rhaponticum karatavicum Regel et. Schmalh антиоксиданттық белсенділігі бар құрғақ экстракт алу тәсілі» атаулы пайдалы модельге патентімен расталды.

А.К. Беркенов өзінің диссертациялық жұмысында тәжірибелік өзектілігі, қойылған мақсат, міндеттері, ғылыми жаңалығы бойынша ерекше орын алады және 6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденудің диссертациясына қойылатын барлық талаптарға сай келетін білікті ғылыми еңбек деп санаймын және қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:
Стратегиялық және корпоративтік
даму жөніндегі проректоры,
фарм.ғ.д., профессор



У.М. Датхаев